

Smart Signage құрылғысына арналған пайдаланушы нұсқаулығы (жалпы қолданыс)

Бұл нұсқаулықта барлық Smart Signage үлгілеріне арналған қауіпсіздік шараларына, өнімді қосу опцияларына және өнім функцияларына қатысты жалпы ақпарат қамтылған.

Сериялар: QBN, QBR, QMN, QMR, QEN, OMN, OMN-D, OHN, OHN-DK, VMR-U, QPR-8K, QER, OMR, QHR

Түсі мен көрінісі өнімге байланысты өзгеруі мүмкін және өнімділікті жақсарту мақсатында нұсқаулықтағы мазмұн алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Мазмұны

Құрылғыны пайдаланудан бұрын

Қауіпсіздік шаралары	6
Қауіпсіздік белгілері	6
Электр бөлшектері және қауіпсіздік	7
Орнату	8
Пайдалану	10
Тазалау	12
Сақтау және техникалық қызмет көрсету	13

Дайындықтар

Қашықтан басқару пульті	14
-------------------------	----

Қайнар көз құрылғыны қосу және қолдану

Қосудан бұрын	17
Алдын ала қосудың бақылау нүктелері	17
Дербес компьютерге қосу	17
HDMI кабелі арқылы қосу	17
DP кабелі арқылы қосу	18
DVI кабелі (сандық түрі) арқылы қосу	18
HDMI-DVI кабелі арқылы қосу	19

Сыртқы мониторды қосу	20
Бейнеқұрылғыға қосу	21
HDMI кабелі арқылы қосу	21
HDMI-DVI кабелі арқылы қосу	21
Аудио жүйеге қосу	22
Жергілікті желі кабелін жалғау	22
Кіріс көзін өзгерту	23
Source	23
Web Browser	24
Samsung Workspace немесе Remote Workspace	25

Бірнеше дисплейді басқару

Кабель қосылымы	26
RS232C кабелі	26
LAN (Жергілікті желі) кабелі	27
Қосылым	29
Басқару кодтары	30
MDC қолдану	37
MDC бағдарламасын орнату/жою	37

Player мүмкіндігі

Player	38
Мазмұнды көру	38
Мазмұн іске қосылған кезде	39
Қолжетімді мәзір	39
Player құралымен үйлесімді файл пішімдері	40
Schedule	45
Clone Product	46
ID Settings	47
Device ID	47
Device ID Auto Set	47
PC Connection Cable	47
Video Wall	48
Video Wall	48
Horizontal x Vertical	48
Screen Position	49
Format	49
Network Status	50
On/Off Timer	51
On Timer	51
Off Timer	52
Holiday Management	52
Ticker	53
URL Launcher	54
URL Launcher Settings	55

Мазмұны

Экранды реттеу

Backlight / Brightness / Contrast / Sharpness	56
Colour Temperature	57
Advanced Settings	58
Picture Enhancer	58
HDR+ Mode немесе HDR10+ Mode	58
Colour	58
Tint (G/R)	58
White Balance	59
White Balance Settings	59
Uniformity	59
Gamma	60
Contrast Enhancer	60
Black Tone	60
Flesh Tone	60
RGB Only Mode	60
Colour Space Settings	60
Input Signal Plus	61
Motion Lighting	61
Picture Options	62
Colour Tone	62
Digital Clean View	62
HDMI Black Level	62
Film Mode	62
Local Dimming	63
Dynamic Backlight	63

Apply Picture Settings	63
Picture Size Settings	64
Picture Size	64
Fit to screen	64
Zoom and Position	64
Reset Picture	65

OnScreen Display

Display Orientation	66
Onscreen Menu Orientation	66
Source Content Orientation	66
Aspect Ratio	66
Screen Protection	67
Auto Protection Time	67
Screen Burn Protection	67
Message Display	70
Source Info	70
No Signal Message	70
MDC Message	70
Download Status Message	70
Language	71
Reset OnScreen Display	71

Дыбысты реттеу

Sound Mode	72
Balance	73
Equaliser	73
HDMI Sound	73
Sound on Video Call	73
Digital Output Audio Format	73
Digital Output Audio Delay	74
Sound Output	74
Auto Volume	74
Reset Sound	74

Network

Network Status	75
Open Network Settings	75
Network Type	75
Желі параметрлері (Сымды)	76
Желі параметрлері (Сымсыз)	78
Use WPS	80

Мазмұны

IPv6	80
IPv6 Status	80
Server Network Settings	81
Connect to server	81
MagicInfo Mode	81
Server Access	81
FTP Mode	81
Proxy server	81
Device Name	81

System

Accessibility	82
High Contrast	82
Enlarge	82
Start Setup	83
Touch Control	84
Touch Control	84
Admin Menu Lock	84
Device to Control	84

Time	85
Clock Set	85
NTP Settings	85
DST	85
Power On Delay	85
Auto Source Switching	86
Auto Source Switching	86
Primary Source Recovery	86
Primary Source	86
Secondary Source	86
Default Input	86
Power Control	87
Auto Power On	87
PC module power	87
Max. Power Saving	87
Standby Control	88
Network Standby	88
Power Button	88
Eco Solution	89
Brightness Limit	89
Energy Saving Mode	89
Eco Sensor	89
Screen Lamp Schedule	90
No Signal Power Off	90
Auto Power Off	90

Temperature Control	91
Fan and Temperature	92
Fan Control	92
Fan Speed Setting	92
Outdoor Mode	92
Fan Settings	92
Fan Control	92
Fan Speed Setting	92
External Device Manager	93
Input Device Manager	93
Device Connection Manager	94
Play via	95
Change PIN	95
Security	96
Safety Lock On	96
Button Lock	96
USB Auto Play Lock	97
Mobile Connection Lock	97
Remote Management	97
Secured Protocol	97
Network Lock	97
USB Lock	97
Certificate Manager немесе WPA Certificate Manager	98

Мазмұны

General	99
Smart Security	99
Anynet+ (HDMI-CEC)	99
HDMI Hot Plug	101
Custom Logo	101
Game Mode	102
DICOM Simulation Mode	102
Empty Storage	102

Frame Alignment	103
-----------------	-----

Reset System	103
--------------	-----

Қолдау

Software Update	104
Update Now	104

Contact Samsung	104
-----------------	-----

Terms & Conditions немесе Terms & Policy	104
--	-----

Reset All	105
-----------	-----

Ақаулықтарды жою нұсқаулығы

Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласудан бұрын орындалатын тексерулер	106
Құрылғыны тексеру	106
Ажыратымдылық пен жиілікті тексеру	106
Төмендегілерді тексеріңіз.	107

Қосымша

Төлем қызметінің міндеттері (Тұтынушыларға арналған баға)	113
Өнім ақауы емес	113
Өнім зақымдануы тұтынушы қатесі нәтижесінде болса	113
Басқалар	113

Қалдық бейненің экранды қалуын болдырмау	114
Қалдық бейненің экранда қалуы деген не?	114
Ұсынылатын алдын алу шаралары	114





01-тарау

Құрылғыны пайдаланудан бұрын

Қауіпсіздік шаралары

Төмендегі қауіпсіздік нұсқаулары жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету және мүліктің бұзылуына жол бермеу үшін берілген. Құрылғыны дұрыс пайдалану үшін, төмендегі ақпаратты оқып шығыңыз.







Қауіпсіздік белгілері

Белгі	Атау	Түсіндірмесі
	Ескерту	Егер нұсқаулар орындалмаса, бұл ауыр немесе өлімге әкелетін жарақатқа алып келуі мүмкін.
	Назар аударыңыз	Егер нұсқаулар орындалмаса, бұл жарақат алуға немесе мүліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
	Тыйым салынады	Әрекет ЕТПЕҢІЗ.
	Нұсқаулық	Нұсқауларды орындаңыз.


АБАЙЛАҢЫЗ

ЭЛЕКТР ТОҒЫ СОҒУ ҚАТЕРІ АШУҒА БОЛМАЙДЫ


АБАЙЛАҢЫЗ: ТОК СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҚТЫ (НЕМЕСЕ АРТҚЫ БӨЛІГІН) АЛМАҢЫЗ. ІШІНДЕ ПАЙДАЛАНУШЫ ТАРАПЫНАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕТІН БӨЛШЕКТЕР ЖОҚ. БАРЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН БІЛІКТІ МАМАҢДАР ОРЫНДАУЫ ТИІС.

	Бұл белгіше құрылғының ішінде жоғары кернеу бар екенін көрсетеді. Осы өнімнің ішкі бөлшектеріне қол тигізу қауіпті.		АТ кернеуі: Осы таңба арқылы белгіленетін атаулы кернеу – АТ кернеуі.
	Бұл белгі осы құрылғыны іске пайдалануға және күтіп ұстауға қатысты маңызды нұсқаулар кітапшасының жинаққа кіргенін көрсетеді.		ТТ кернеуі: Осы таңба арқылы белгіленетін атаулы кернеу – ТТ кернеуі.
	II класс өнімі: Бұл таңба құрылғыны жерге тұйықтау (қосу) арқылы қауіпсіз қосылым жасаудың қажет емес екенін білдіреді. Егер мына белгі тоққа қосылатын сымы бар құрылғыңызда болмаса, құрылғыны МІНДЕТТІ ТҮРДЕ жерге қауіпсіз қосу (тұйықтау) керек.		Назар аударыңыз. Пайдалану нұсқаулығын қараңыз: Бұл таңба қауіпсіздікке қатысты толық ақпаратты пайдаланушы нұсқаулығынан қарауды ұсынады.


Электр бөлшектері және қауіпсіздік

 Келесі суреттер тек анықтама ретінде берілген. Нақты жағдайлар суретте көрсетілген жағдайлардан өзгеше болуы мүмкін.

Ескерту




Ашаны ылғал қолмен ұстамаңыз.
Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.







Қуат кабелін қатты күш салып бүкпеңіз немесе тартпаңыз. Қуат кабелін ауыр заттың астында қалдырмаңыз.


Зақымдалған кабельдің себебінен құрылғы ақауы пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.




Бір розеткаға бірнеше құрылғыны қоспаңыз.
Қызып кеткен розеткалар өртке себеп болуы мүмкін.

-  Қуат ашасын берік тұратындай етіп розеткаға толығымен тығыңыз. Берік емес байланыс өртке себеп болуы мүмкін.
-  Ашаның ұшындағы немесе розеткадағы шаңды құрғақ шүберекпен тазалаңыз. Өрт шығуы мүмкін.
-  Қуат ашасын жерге тұйықталған розеткаға қосыңыз. (Жерге тұйықтауды қамтамасыз ете алмайтын құрылғыларды қоспағанда)
Ток соғуы немесе жарақат алуға алып келуі мүмкін.
-  Зақымдалған қуат ашасын немесе босап кеткен розетканы пайдаланбаңыз.
Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Назар аударыңыз




Қуат кабелін розеткадан ажыратқан кезде ашасынан ұстаңыз.
Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.




Қуат ашасын портқа қосқан кезде, оны міндетті түрде толықтай қосыңыз.

Егер қуат ашасы портқа толықтай қосылмаған болса, аша күтпеген жерде ажырап кетуі мүмкін немесе қауіпсіздікке байланысты жазатайым оқиғаға әкелетін тоқтың күшеюінен болатын қызып кету қаупін тудырады.

 Samsung компаниясы шығарған құрылғымен бірге жеткізілетін қуат кабелін ғана пайдаланыңыз. Қуат кабелін басқа құрылғылармен пайдаланбаңыз.

Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

 Қуат кабелі қосылған жердегі розетка қол жетімді болуы тиіс.

Құрылғыда ақаулық пайда болғанда, құрылғының қуатын толықтай өшіру үшін қуат сымын ажырату қажет. Тек қашықтан басқару пультіндегі қуат түймешігін пайдаланғанда құрылғы қуат көзінен толығымен ажыратылмайды.

 Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде қуат кабелін ажыратпаңыз.

Ток соғу салдарынан құрылғы зақымдалуы мүмкін.


Орнату

Ескерту



Бұйымды жылжитпас бұрын қуатты өшіріп, қуат кабелін және басқа жалғанған кабельдерді ажыратыңыз.

Кабель зақымдалса, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.



Құрылғыны орнатқан кезде, оны қабырғадан жақсы желдетілетіндей арақашықтықта орналастырыңыз.

Ішкі температураның көтерілуінен өрт шығуы мүмкін.




Құрылғыны кітап сөресі немесе қабырға шкафы сияқты нашар желдетілетін жерге орнатпаңыз.

Ішкі температураның көтерілуінен өрт шығуы мүмкін.



Пластмасса қалтаны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Балалардың пластик қаптаманы мақсаты бойынша пайдаланбауы тұншығу қаупін тудыруы мүмкін.



Қуат кабелін (ТТ қуат көзі) және құрылғыны жылу көздеріне орнатпаңыз.

(Шырақтар, масадан қорғайтын құралдар, темекі, спрейлер, жылыту құрылғылары, күн сәулесі тікелей түсетін жерлер (сыртқы құрылғылардан басқа) және т.б.)



Құрылғыны орнатқан кезде, құлап кетпейтіндей берік бекітіңіз.

Егер құрылғы берік бекітілмесе және кішкентай бала ойын кезінде оны қолмен түртіп қалса, құрылғы құлап кетіп, зақымдалуы немесе баланы жарақаттауы мүмкін.



Өнімді ас үйге немесе ас үй пешінің жанына орнатпаңыз.

Тағамдық май немесе май буы құрылғыны зақымдауы немесе деформациялауы мүмкін.


! Қабырғаға бекітетін кронштейнді техникалық маман орнатуы тиіс.

Тиісті дайындығы жоқ кісі орнатқан жағдайда жарақат алуға алып келуі мүмкін. Тек рұқсат етілген шкафтарды пайдаланыңыз.

! Егер құрылғы жайсыз жерде орнатылған болса, қоршаған орта сапаға байланысты мәселелер тудыруы мүмкін. Сондықтан, орнату алдында Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

(Ұсақ шаң-тозаң жиналатын жерлер, химикаттар пайдаланылатын жерлер, температурасы тым жоғары немесе төмен жерлер, ылғалдылық деңгейі жоғары немесе су көзі бар жерлер, көліктер сияқты тасымалдау жабдығы, ұзақ уақыт бойы қолданыстағы әуежайлар және станциялар және т.б.)

! Назар аударыңыз



Құрылғыны жылжытқан кезде оны құлатып алмаңыз.

Құрылғы құлап кетіп, дене жарақатына немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

! Құрылғыны алдыңғы жағын төмен қаратып қоймаңыз.
Экран зақымдалуы мүмкін.

! Құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерге қойсаңыз, экран дисплейінің беті түссізденуі мүмкін.

 Сыртқы құрылғылардан басқа


Пайдалану

⚠ Ескерту



Егер құрылғыдан оғаш дыбыстар, күйік иісі немесе түтін шықса, қуат ашасын дереу ажыратып, Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.



Қашықтан басқару пультінің батареяларын және шағын керек-жарақтарды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Балалардың оларды жұтып қоймауын қатаң қадағалаңыз.

Егер бала батареяны аузына салған болса, дереу дәрігеріңізге хабарласыңыз.




Егер құрылғы құлап түссе немесе оның сыртқы корпусы зақымдалса, қуат қосқышын өшіріп, қуат кабелін ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пайдалануды жалғастырсаңыз, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.




Құрылғыны қуат сымынан немесе кез келген кабелінен тартып жылжытпаңыз.

Зақымдалған кабельдің себебінен құрылғы ақауы пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.




Желдеткіш тесіктерді дастарқанның немесе перденің жауып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Ішкі температураның көтерілуінен өрт шығуы мүмкін.




Құрылғыны соқпаңыз.

- Экран дисплейі зақымдалуы мүмкін.
- Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.



Металл заттарды (таяқшалар, монеталар, шаш түйреуіштер, т.б.) немесе оңай жанатын заттарды (қағаз, сіріңкелер, т.б.) құрылғыға салмаңыз (желдеткіш тесік немесе кіріс/шығыс порттары, т.б. арқылы).


- Егер құрылғыға бөгде заттар кіріп кетсе, оны міндетті түрде өшіріп, қуат сымын ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғы ақауы пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.



Ішінде сұйықтық бар ыдыстарды (вазалар, қыш құмыралар, бөтелкелер, т.б.) немесе металл заттарды құрылғының үстіне қоймаңыз.

✎ Бүтін сыртқы құрылғылардан басқа (ОН* сериялары)

- Егер құрылғыға су сияқты бөгде заттар кіріп кетсе, міндетті түрде қуат сымын ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғы ақауы пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.



Найзағай ойнаған немесе күн күркіреген кезде, құрылғыны өшіріп, қуат кабелін ажыратыңыз.

Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.




Құрылғының үстінде балаларға ұнайтын ауыр заттарды немесе бұйымдарды (ойыншықтар, тәтті заттар, т.б.) қалдырмаңыз.

Балалар ойыншықтарды немесе тәтті заттарды алуға талпынған кезде құрылғы немесе ауыр заттар құлап кетіп, балалар ауыр жарақат алуы мүмкін.




Құрылғыға таянып тұруға немесе үстіне шығуға болмайды.

- Құрылғы құлап кетіп, дене жарақатына немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- Әсіресе, балалардың құрылғыға таянып тұруына немесе үстіне шығуына жол бермеңіз.



Қуат ашасы розеткаға қосылып тұрғанда, розетканың басқа ұясына ас жейтін таяқшаларды немесе басқа да өткізгішті салуға болмайды. Сондай-ақ, қуат ашасын розеткадан ажыратқан соң, ашаның істіктерін бірден ұстауға болмайды.

Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.



Құрылғының ішінде жоғары кернеу болады. Ешқашан құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе өзгертпеңіз.

- Жөндеу үшін Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.


Егер газдың шығып тұрғаны белгілі болса, құрылғыны немесе қуат ашасын ұстамаңыз және бірден бөлмені желдетіңіз.

Ұшқындар жарылысқа немесе өртке алып келуі мүмкін.

Құрылғының жанында дымқылдауыштарды немесе пештерді пайдаланбаңыз.


Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.

⚠️ Назар аударыңыз



Әрбір батареяны сәйкес полярлығы (+, -) бойынша дұрыс салыңыз.

Егер полярлығы дұрыс болмаса, батарея жарықшақтануы немесе ішкі сұйықтығы ағып кетуі мүмкін, ал бұл қоршаған ортаның ластануына және оған зиян келтіруіне, өрттің шығуына немесе дене жарақатына әкелуі мүмкін.



Құрылғының үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.

Құрылғының ақауына немесе адам жарақатына себеп болуы мүмкін.

Құрылғыны демалыс немесе басқа себептермен ұзақ уақыт бойы қолданбағанда, қуат сымын розеткадан ажыратып қойыңыз.

Шаң жиналса және қызып кеткенде өрт шығуы, ток соғуы немесе ток шығуы мүмкін.

Құрылғы үшін ұсынылған ажыратымдылық пен жиілікті пайдаланыңыз. Көру қабілетіңіз төмендеуі мүмкін.

Батареялар (қайта зарядталатын батареялар) әдеттегі қалдық емес, сондықтан оны пайдаға асыру мақсатында қайтару қажет. Тұтынушы қолданылған немесе қайта зарядталатын батареяларды қайта өңдеуге жауапты болады.

Тұтынушы қолданылған немесе қайта зарядталатын батареяларды жақын жердегі жалпы қайта өңдеу орталығына немесе сондай батарея түрін немесе қайта зарядталатын батареяны сата алады.

Құрылғыны пайдаланған кезде көзіңізді 1 сағат сайын 5 минуттан астам демалдырыңыз. Көз талуы жойылады.

Экран бетінде ұзақ уақыт бойы қалған жылжымайтын сурет қалдық бейненің экранда қалуына немесе ақаулы нүктелерге себеп болуы мүмкін.

Құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбағанда, қуатты үнемдеу режимін іске қосыңыз немесе экран қорғауышын жылжымалы сурет режиміне орнатыңыз.


Құрылғының жанында тез тұтанатын сұйықтықты немесе затты пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.

Жарылыс немесе өрт шығуы мүмкін.


- ⊘ Тек арнайы стандартталған батареяларды қолданыңыз және жаңа батарея мен ескі батареяны бір уақытта қолданбаңыз.
Әйтпесе, ішіндегі сұйықтықтың ағуына байланысты батареяға зақым келуі немесе өртке себеп болуы, адамды жарақаттауы немесе зақым келуі мүмкін.
- ⊘ Құрылғы экранына тым жақын жерден ұзақ уақыт қарауға болмайды.
Көру қабілетіңіз төмендеуі мүмкін.
- ⊘ Құрылғы қосулы болғанда, оны көтеруге немесе жылжытуға болмайды.
- ⊘ Ұзақ уақыт бойы қосулы тұрған экранды қолмен ұстамаңыз, ол ыстық болуы мүмкін.
- ⊘ Құлаққапты пайдаланған кезде, дыбысты тым жоғары деңгейге қоймаңыз немесе ұзақ уақыт пайдаланбаңыз.
Бұл есту қабілетіне зақым келтіруі мүмкін.

Тазалау

⚠ Ескерту



Құрылғыға суды немесе тазалағыш затты тікелей шашпаңыз.

- Құрылғының беті зақымдалуы немесе таңбаламалары өшіп қалуы мүмкін.
 - Ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.
-  Бүтін сыртқы құрылғылардан басқа (ОН* сериялары)


⚠ Назар аударыңыз

- ⓘ Құрылғыны тазалаған кезде, міндетті түрде қуат ашасын ажыратып, сызаттарды болдырмау үшін, өте жұқа талшықтардан немесе түкті жұмсақ матадан жасалған жұмсақ әрі құрғақ матамен мұқият сүртіңіз.
Әйтпесе, құрылғының беті зақымдалуы немесе таңбаламалары өшіп қалуы мүмкін.
- ⓘ Міндетті түрде өте жұқа талшықтардан немесе түкті жұмсақ матадан жасалған жұмсақ әрі құрғақ матаны пайдаланыңыз, себебі құрылғының сыртқы бетіне және экран дисплейіне сызаттар түсуі мүмкін.
Құрылғының сыртқы беті және экран дисплейі бөгде заттармен оп-оңай сырылуы мүмкін.
- ⊘ Құрылғыға құрамында спирт, еріткіш немесе балауыз, бензин, сұйықтаушы зат, улы химикат, ауа тазартқышы, майлағыш немесе тазалағыш құрал сияқты беттік-белсенді заты бар химикаттарды қолдануға болмайды.
Құрылғының сырты түссізденуі немесе шытынап кетуі, панельдің сыртқы беті қопарылып түсуі немесе таңбаламалары өшіп қалуы мүмкін.


Сақтау және техникалық қызмет көрсету

Өнім сыртын және дисплейін тазалау


Дисплей бетін сәл дымқыл, жұмсақ матамен сүртіп, содан кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.




Сақтандыру шаралары




Экранды тырнақтармен немесе үшкір заттармен сыруға болмайды. Сызаттар түсуі немесе құрылғы зақымдалуы мүмкін.



Құрылғының қандай да бір бөлігіне суды тікелей шашпаңыз. Құрылғы ішіне су кіріп кетсе, құрылғыда ақау пайда болуы, ток соғуы немесе өрт шығуы мүмкін.



Қатты жылтырайтын өнімдер сипаттарына байланысты UV дымқылдаушыны пайдалану негізінде өнімде ақ түсті дақтар пайда болуы мүмкін.

 Бүтін сыртқы құрылғылардан басқа (OH* сериялары)



- Экранға жабысып тұрған жапсырғышты алып тастасаңыз, экранда желім қалдықтары қалып кетуі мүмкін. Экранды пайдаланбас бұрын, желім қалдықтарын кетіріңіз.
- Құрылғыны қатты күш түсіріп басуға немесе сүртуге болмайды. Бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
- Экранды химиялық заттармен сүртуге болмайды. Құрылғыда ақау туындауы мүмкін.
- Монитордың ішкі жағын тазалау қажет болса, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз (қызмет көрсету ақысы алынады).
- Алдыңғы панельді жалаңаш қолмен емес, таза қолғаппен ұстауды ұсынамыз.

02-тарау



Дайындықтар

Қашықтан басқару пульті

- ✎ Осы құрылғының қашықтан басқару пульті қолданылған жерде басқа көрсету құрылғыларын қолдану басқа көрсету құрылғылары кездейсоқ басқарылуы мүмкін.
- ✎ Төмендегі суреттегі сипаттамасы жоқ түйме өнімде қолдау көрсетілмеген.




- ✎ Қашықтан басқару пультінің түймешіктерінің функциялары басқа өнімдерде өзгеше болуы мүмкін.



Қашықтан басқару пультінің түймешіктерінің функциялары басқа өнімдерде өзгеше болуы мүмкін.

Қашықтан басқару пультіңдегі батареяларды ауыстыру үшін (AAA x 2)

 Қашықтан басқару пультің ұзақ уақыт бойы қолданбаған кезде батареяларды алып тастаңыз.



03-тарау

Қайнар көз құрылғыны қосу және қолдану

Қосудан бұрын

Алдын ала қосудың бақылау нүктелері


- ✎ Қосылғыңыз келетін бастапқы құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Бастапқы құрылғыда қолжетімді порттардың саны мен орны өзгешеленуі мүмкін.
- ✎ Барлық қосылымдар аяқталғанға дейін қуат кабелін розеткаға қоспаңыз. Қуат кабелін қосылым барысында қосу құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- ✎ Құрылғының артқы жағындағы қосқыңыз келген порттар түрін тексеріңіз.
- ✎ HDMI немесе DP кабель қосылымдарына арналған кабельдерді пайдалануды ұсынамыз.

Дербес компьютерге қосу

- Қуат кабелін барлық басқа кабельдерді жалғаудан бұрын жалғамаңыз. Қуат кабелін жалғаудан бұрын негізгі құрылғыны қосыңыз.
- Дербес компьютерді құрылғыға түрлі жолдармен қосуға болады. Дербес компьютеріңізге ыңғайлы қосылым әдісін таңдаңыз.


HDMI кабелі арқылы қосу

- ✎ Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.



DP кабелі арқылы қосу

✎ Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.




• DP қолдануға қатысты ескерту

- ✎ DP стандартына сәйкес емес кейбір графикалық карталар өнім қуат үнемдеу режимінде тұрған кезде Windows Booting/Bios экранының қосылуына тосқауыл болуы мүмкін. Егер мәселе осы болса, компьютерді қосудан бұрын өнімнің қосулы екенін тексеріңіз.
- ✎ VESA стандарттарына сәйкес келмейтін DP кабелін пайдалансаңыз, өнімнің дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Samsung Electronics VESA стандарттарына сәйкес келмейтін кабельді пайдаланудан болатын ақауларға жауап бермейді. VESA стандарттарында көрсетілген DP кабелін пайдаланып жатқаныңызды тексеріңіз.
- ✎ Кіріс көзі **DisplayPort** болған кезде оңтайлы ажыратымдылықты (3840 × 2160 @ 60 Гц) қолдану үшін 5 м-ден қысқа DP кабелін пайдалану ұсынылады.
- ✎ Кіріс көзі **DisplayPort** болған кезде қуат үнемдеу режимін өшіру ажыратымдылық туралы жаңа ақпаратты импорттауы және тапсырма терезесінің көлемін немесе орналасқан орнын қалпына келтіруі мүмкін.

DVI кабелі (сандық түрі) арқылы қосу

✎ Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.




- ✎ DVI-HDMI адаптерін пайдалану арқылы өнімдегі DVI портын HDMI порты ретінде пайдалана аласыз. Құрылғыдағы DVI порты компьютердегі HDMI портына DVI-HDMI адаптері арқылы қосылған болса, дыбыс қолжетімді болмайды.

HDMI-DVI кабелі арқылы қосу

 Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.


Компьютерді HDMI-DVI кабелі бар өнімге қосқаннан кейін компьютерден бейне мен дыбысты қосу үшін, параметрлерді төменде көрсетілгендей міндетті түрде конфигурациялаңыз.

- **Sound** → **HDMI Sound** параметрін **PC(DVI)** күйіне орнатыңыз
- **System** → **General** → **HDMI Hot Plug** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз




Сыртқы мониторды қосу

- Қуат кабелін барлық басқа кабельдерді жалғаудан бұрын жалғамаңыз. Қуат кабелін жалғаудан бұрын негізгі құрылғыны қосыңыз.
- ✎ Тек DAISY CHAIN ретінде белгіленген порттарға қолдау көрсетіледі. Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.
- ✎ UHD мазмұн сапасы жақсы болуы үшін 10 футтан (3 м) қысқа кабель пайдаланыңыз.
- ✎ Максималды көрсеткіштер: HDCP 2.2 нұсқасына қолдау көрсетілсе ең көбі 4, HDCP 1.4 нұсқасына қолдау көрсетілсе, ең көбі 7, ал HDCP кабеліне қолдау көрсетілсе, ең көбі 9.
- ✎ Тізбекті қосылымды пайдалану кезінде **Anynet+ (HDMI-CEC)** параметрін **On** опциясына орнатса, ақаулыққа себеп болуы мүмкін.



Бейнеқұрылғыға қосу


- Қуат кабелін барлық басқа кабельдерді жалғаудан бұрын жалғамаңыз. Қуат кабелін жалғаудан бұрын негізгі құрылғыны қосыңыз.
 - Бейне құрылғыны құрылғыға кабель арқылы қосуға болады.
-  Бастапқыны өзгерту үшін қашықтан басқару пультіндегі SOURCE түймесін басыңыз.

HDMI кабелін немесе HDMI - DVI кабелін пайдалану

- HDMI кабелі сандық бейне және аудио сигналдарына қолдау көрсетеді және аудио кабелін қажет етпейді.
- Мониторға HDMI режимінің бұрынғы нұсқасын пайдаланатын сыртқы құрылғы қосылған болса, сурет дұрыс көрсетілмеуі (егер көрсетілсе) мүмкін немесе аудио жұмыс істемеуі мүмкін. Егер осындай ақау орын алса, сыртқы құрылғының өндірушісінен HDMI нұсқасы туралы сұраңыз және ескіріп кетсе, жаңартуды сұраңыз.
- Қалыңдығы 14 мм немесе азырақ HDMI кабелін пайдаланыңыз.
- Куәліктендірілген HDMI кабеліне тапсырыс беріңіз. Әйтпесе, сурет көрсетілмеуі немесе байланыс қатесі орын алуы мүмкін.
- Негізгі жоғары жылдамдықты HDMI кабелі немесе ethernet бар біреуі ұсынылады. Бұл өнім HDMI арқылы ethernet функциясын қолдамайды.

HDMI кабелі арқылы қосу


 Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.



HDMI-DVI кабелі арқылы қосу


 Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.

- Егер құрылғы бейне құрылғысына HDMI-DVI кабелі арқылы қосылған болса, дыбыс шықпайды. Осыны шешу үшін құрылғыдағы және бейне құрылғысындағы дыбыс порттарына қосымша дыбыс кабелін қосыңыз.
- Бейне құрылғысын HDMI-DVI кабелі бар өнімге қосқаннан кейін бейне құрылғысынан бейне мен дыбысты қосу үшін, параметрлерді төменде көрсетілгендей міндетті түрде конфигурациялаңыз.
DVI-HDMI адаптерін пайдалану арқылы өнімдегі DVI портын HDMI порты ретінде пайдалана аласыз.
 - **Sound** → **HDMI Sound** параметрін **AV(HDMI)** күйіне орнатыңыз
 - **System** → **General** → set **HDMI Hot Plug to On**

 Қолдау көрсетілген ажыратымдылықтар: 1080p (50/60Hz), 720p (50/60Hz), 480p және 576p.


 UHD функциясы бар үлгілерде 30 Гц UHD шамасына дейін қолдау көрсетіледі.

 Бірдей түсті жалғағыштардың бірге қосылғанына көз жеткізіңіз. (ақты аққа, қызылды қызылға, т.б.)




Аудио жүйеге қосу

- ✎ Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.
- ✎ Бірдей түсті жалғағыштардың бірге қосылғанына көз жеткізіңіз. (ақты аққа, қызылды қызылға, т.б.)



Жергілікті желі кабелін жалғау

- ✎ Қосу бөлшектері басқа құрылғыларда өзгеше болуы мүмкін.




- Жалғауға Cat 7(*STP үлгісі) кабелін пайдаланыңыз. (10/100 Мбит/с)
*Shielded Twist Pair

Кіріс көзін өзгерту

Source

SOURCE



✎ Үлгі түріне қарай көрсетілген суреттер әр түрлі мүмкін.

Source сізге әр түрлі көздерді таңдауға және бастапқы құрылғылар атын өзгертуге мүмкіндік береді.

Құрылғыға қосылған қайнар көз құрылғының экранын көрсетуге болады. Таңдалған қайнар көздің экранын көрсету үшін Source List құрамынан қайнар көзді таңдаңыз.

✎ Сондай-ақ, кіріс көзін қашықтан басқару пультіндегі SOURCE түймесін пайдалана отырып өзгертуге болады.

✎ Егер түрлендіргіңіз келген қайнар көз құрылғы үшін дұрыс емес көз таңдалған болса, экран дұрыс көрсетпеуі мүмкін.

Edit

SOURCE → ▲ → **Edit** → ENTER ↵

Жалғанған сыртқы құрылғының атын және құрылғы түрін өңдеу.

- Тізімде келесі бастапқы құрылғылар қамтылуы мүмкін. Тізімдегі бастапқы құрылғылар таңдалған қайнар көзге байланысты өзгешеленеді.

HDMI 1 / HDMI 2 / DisplayPort / DVI / Cable Box / Game Console / PC / Blu-ray player

✎ Қолжетімді бастапқы құрылғылар үлгіге байланысты өзгеруі мүмкін.

- Келесі қайнар көздерді өңдеуге болмайды.

MagicInfo S / URL Launcher / Web Browser / Screen Mirroring / Samsung Workspace



✎ Мәзір элементтері үлгіге байланысты өзгешеленуі мүмкін.

Web Browser

SOURCE →  Web Browser → ENTER 

 Интернетке қосылу үшін интернетке компьютерден қосылғандай желіге жалғаңыз.

Settings

SOURCE →  Web Browser → ▲ → Settings → ENTER 

Refresh Interval

Басты бетке оралмас бұрын веб-браузердің күту уақытын орнату.

- Off / 5 min / 10 min / 15 min / 30 min

Zoom

Веб-браузер жаңартылған кезде қолданылатын масштабтау шкаласын орнату.

- 50% / 75% / 100% / 125% / 150% / 200% / 300%

Home Page

Веб-браузер жаңартылған кезде көрсетілетін веб-сайтты орнату.

- Samsung Display / Custom

Custom

Басты бет ретінде орнатылатын URL мекенжайын енгізу.

- Enter URL

 Home Page Custom режиміне орнатылған кезде ғана қолжетімді.

Advanced Settings

General

Қойындылар мен құралдар панелін автоматты түрде жасыру	Браузер қойындылары, мәзір немесе құралдар панелі біраз уақыт қолданылмаса, олар автоматты түрде өшіріледі. Оларды қайта шығару үшін, меңзерді немесе фокусты экранның жоғарғы жағына жылжытыңыз. <ul style="list-style-type: none">• Пайдалану/Пайдаланбау
Сенсорлық режимде курсорды жасыру	Сенсорлық әрекетке кедергі келтірмеу үшін курсорды жасыру. <ul style="list-style-type: none">• Пайдалану/Пайдаланбау
Қалқымалы терезелерді блоктау құралы	Қалқымалы терезелерді блоктау арқылы шолу тәжірибесін өзіңізге қолайлы етіңіз. <ul style="list-style-type: none">• Пайдалану/Пайдаланбау
Прокси сервер	Веб-браузер үшін прокси серверін реттеңіз. <ul style="list-style-type: none">• Пайдалану/Пайдаланбау
Параметрлерді қалпына келтіру	Веб-браузердің барлық теңшелген параметрлері әдепкі қалпына келтіріледі. Бетбелгілер мен тарихқа әсер етілмейді.




Search Engine

URL/кілтсөз енгізу өрісіне кілтсөз енгізгенде веб-браузер іздеу нәтижесінің бетін ашады. Қолданғыңыз келетін іздеу жүйесін таңдаңыз.

- Google / Bing

Privacy & Security	
Do Not Track	Веб-сайттардан өзіңізді қадағаламауды сұрау. <ul style="list-style-type: none"> Пайдалану/Пайдаланбау
Тарихты жою	Браузердің журналын толығымен жойыңыз.
JavaScript	Шолу тәжірибесін жақсарту үшін барлық сайттарда JavaScript құралын қосу. <ul style="list-style-type: none"> Пайдалану/Пайдаланбау
Шолу деректерін жою	"cookie" файлдары, кәшке сақталған кескіндер мен деректер сияқты барлық шолу деректерін жою. Бетбелгілер мен тарихқа әсер етілмейді.
Encoding	
Encoding	Веб-беттер үшін кодтау әдісін таңдау. Ағымдағы параметр Авто болып табылады. <ul style="list-style-type: none"> Авто / Қолмен (ағымдағы : Уникод)
Мәліметтер	
Веб-браузердің ағымдағы нұсқасын көрсету.	


Samsung Workspace немесе Remote Workspace

-  Бұл функция кейбір үлгілерде жоқ болуы мүмкін.
-  Өнімнің желіге қосылғанын тексеріңіз.
-  Бұл функциясы іске қосу алдында пернетақта мен тінтуірді қосып алыңыз.

Samsung Workspace

SOURCE →  Samsung Workspace → ENTER 

Осы функция арқылы қашықтағы дербес компьютерге және жұмыс ресурстарына қол жеткізу.


- **Remote PC:** Бұл функция өніміңізді қашықтағы компьютер немесе бұлт серверімен байланыстыруға мүмкіндік береді.
 -  Тек MacOS/Windows 7 Pro немесе одан жаңа нұсқаларында іске қосылатын компьютерлерге немесе бұлт серверлеріне қолдау көрсетіледі.
- **Office 365:** Microsoft корпорациясынан **Office 365** мүмкіндіктеріне кіруге мүмкіндік береді.
- **VMware Horizon:** Horizon тіркелгісімен VMware инфрақұрылымын басқаратын кәсіпорындардың **VMware Horizon** мүмкіндігіне кіруге мүмкіндік береді.

Remote Workspace

SOURCE →  Remote Workspace → ENTER 

Бұл функция өніміңізді қашықтағы компьютер немесе бұлт серверімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қосылғыңыз келетін компьютер немесе бұлт серверінің мекенжайын енгізіңіз. Содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

-  Тек Windows 7 Pro немесе одан жаңа нұсқаларында іске қосылатын компьютерлерге немесе бұлт серверлеріне қолдау көрсетіледі.

04-тарау

Бірнеше дисплейді басқару


Компьютерге бір уақытта жалғанған бірнеше дисплейді басқаруға болады.

Кабель қосылымы


RS232C кабелі

Интерфейс	RS232C (9 түйіспе)
Түйіспе	TxD (No.2), RxD (No.3), GND (No.5)
Бит жылдамдығы	9600 бит/с
Деректер биттері	8 бит
Жұптық	Ешбір
Стоп-бит	1 бит
Деректер тасымалын бақылау	Ешбір
Ең үлкен ұзындық	15 м (тек қорғалған түрі)

- Түйіспе тағайындау



«Штекер түрі»




«Ұя түрі»

Түйіспе	Сигнал
1	Деректер тасымалдаушыны анықтау
2	Деректер алу
3	Деректер жіберу
4	Деректер ұясын дайындау
5	Жерге қосу сигналы

Түйіспе	Сигнал
6	Деректер жинағын дайындау
7	Сұрау жіберу
8	Жіберу үшін тазарту
9	Қоңырау индикаторы


- RS232C кабелі
Жалғағыш: 9-түйіспелі D-Sub-стерео кабелі



	-P1-		-P1-		-P2-		-P2-
Штекер түрі	Rx	3	↔	1	Tx	СТЕРЕО	
	Tx	2	↔	2	Rx	ҚОСУ	
	Gnd	5	↔	3	Gnd	(3,5ø)	

LAN (Жергілікті желі) кабелі


- Түйіспе тағайындау



Түйіспе нөмірі	Стандартты түс	Сигнал
1	Ақ және қызғылт сары	TX+
2	Қызғылт сары	TX-
3	Ақ және жасыл	RX+
4	Көк	NC
5	Ақ және көк	NC
6	Жасыл	RX-
7	Ақ және қоңыр	NC
8	Қоңыр	NC


- Жалғағыш : RJ45

Тікелей LAN кабелі (PC параметрін HUB етіп)



Сигнал	P1		P2	Сигнал
TX+	1	↔	1	TX+
TX-	2	↔	2	TX-
RX+	3	↔	3	RX+
RX-	6	↔	6	RX-

Айқас LAN кабелі (PC параметрін LFD етіп)



Сигнал	P1		P2	Сигнал
TX+	1	↔	3	RX+
TX-	2	↔	6	RX-
RX+	3	↔	1	TX+
RX-	6	↔	2	TX-


Қосылым

Әрбір адаптерді құрылғыдағы дұрыс RS232C IN немесе OUT портына қосқаныңызды тексеріңіз.


Қосылатын бөліктер үлгіге байланысты өзгешеленуі мүмкін.

- 1-қосылым

Компьютер




- 2-қосылым



- 3-қосылым


Компьютер



- 4-қосылым

Бұл опция тек LAN IN және LAN OUT порттары бар үлгілер үшін қолжетімді.

Компьютер



Басқару кодтары

Басқару күйін көрсету (Басқару пәрменін алу)

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	Пәрмен түрі		0	

Басқару (Басқару пәрменін орнату)

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер	Қорытынды
0xAA	Пәрмен түрі		1	Мән	

Пәрмен

Жоқ.	Пәрмен түрі	Пәрмен	Мән ауқымы
1	Қуатты басқару	0x11	0~1
2	Дыбыс деңгейін басқару	0x12	0~100
3	Кіріс көзін басқару	0x14	-
4	Экран өлшемін басқару	0x19	0~255
5	Бейне панель режимін басқару	0x5C	0~1
6	Қауіпсіздік құлпы	0x5D	0~1
7	Бейне панелін қосу	0x84	0~1
8	Бейне панелінің пайдаланушы режимі	0x89	-

- Барлық байланыстар он алтылық жүйеде болады. Қорытындыны тақырыптан басқа барлық мәнді қосу арқылы есептеледі. Егер қорытынды төменде көрсетілгендей 2 таңбадан астам қосылатын болса (11+FF+01+01=112), бірінші таңба жойылады.

Мысалы: қосу және ID=0

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер 1	Қорытынды
0xAA	0x11		1	"Power"	

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер 1	12
0xAA	0x11		1	1	

- Кодтарға қарамастан, сериялық кабель арқылы қосылған барлық құрылғыны басқару үшін кодты "0xFE" ретінде орнатыңыз және пәрмендерді тасымалдаңыз. Пәрмендер әрбір құрылғы арқылы орындалады, бірақ АСК жауап бермейді.

Қуатты басқару

- **Функция**
Мониторды дербес компьютер арқылы қосуға және өшіруге болады.
- **Қуат күйін көрсету (Қуатты қосу / өшіру күйін алу)**

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	0x11		0	

- **Қуатты қосу/өшіруді орнату (Қуатты қосу / өшіруді орнату)**

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер	Қорытынды
0xAA	0x11		1	"Power"	

"Power": Өнімде орнатылатын қуат коды.

1: Қуатты қосу

0: Қуатты өшіру

- **Ack**

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'A'	0x11	"Power"	

"Power": Өнімде орнатылатын қуат коды.

- **Nak**

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'N'	0x11	"ERR"	

"ERR" : Қандай қате пайда болғанын көрсететін код.

Дыбыс деңгейін басқару

- **Функция**
Монитордың дыбыс деңгейін дербес компьютер арқылы реттеуге болады.
- **Дыбыс деңгейінің күйін көрсету (Дыбыс деңгейінің күйін алу)**

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	0x12		0	

- **Дыбыс деңгейін орнату (Дыбыс деңгейін орнату)**

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер	Қорытынды
0xAA	0x12		1	"Volume"	

"Volume": Өнімде орнатылуы қажет дыбыс деңгейі мәнінің коды. (0-100)

- **Ack**

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'A'	0x12	"Volume"	

"Volume": Өнімде орнатылуы қажет дыбыс деңгейі мәнінің коды. (0-100)

- **Nak**

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'N'	0x12	"ERR"	

"ERR" : Қандай қате пайда болғанын көрсететін код.

Кіріс көзін басқару

- Функция монитордың кіріс көзін дербес компьютер арқылы өзгертуге болады.
- Кіріс көзінің деңгейін көрсету (Кіріс көзінің күйін алу)


Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	0x14		0	

- Кіріс көзін орнату (Кіріс көзін орнату)

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер	Қорытынды
0xAA	0x14		1	"Input Source"	

"Input Source": Өнімде орнатылуы қажет кіріс көзінің коды.

0x18	DVI
0x0C	Кіріс көзі
0x20	MagicInfo
0x1F	DVI_video
0x21	HDMI1
0x22	HDMI1_PC
0x23	HDMI2
0x24	HDMI2_PC
0x25	DisplayPort

 DVI_video, HDMI1_PC және HDMI2_PC пәрмендері орнату пәрменімен қолданылмайды. Олар тек «Get» пәрмендеріне жауап береді.

 **MagicInfo** тек **MagicInfo** функциясын қолдайтын модельдерде ғана қолжетімді.

- Ack

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'A'	0x14	"Input Source"	

"Input Source": Өнімде орнатылуы қажет кіріс көзінің коды.

- Nak

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'N'	0x14	"ERR"	

"ERR" : Қандай қате пайда болғанын көрсететін код.

Экран өлшемін басқару

- Функция
Экранның өлшемі компьютер арқылы өзгертілуі мүмкін
- Экран өлшемін көрсету (Экран өлшемінің күйін алу)

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	0x19		0	

- Ack

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'A'	0x19	"Screen Size"	

"Screen Size": өнім экранының өлшемі (ауқым: 0 - 255, бірлік: дюйм)

- Nak

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'N'	0x19	"ERR"	

"ERR": Қандай қате пайда болғанын көрсететін код

Бейне экранын басқару режимі

- Функция
Video Wall режимі өнімде компьютер арқылы қосылады.
Бұл басқару элементі тек **Video Wall** қосылған өнімде ғана қолжетімді.
- Бейне панелі режимін көрсету (Бейне панелі режимін алу)

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	0x5C		0	

- Бейне панелін орнату (Бейне панелі режимін орнату)

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер	Қорытынды
0xAA	0x5C		1	"Video Wall Mode"	

"Video Wall Mode": Бұйымдағы Video Wall күйін қосуға қолданылатын код

1: **Full**

0: **Natural**

- Ack

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'A'	0x5C	"Video Wall Mode"	

"Video Wall Mode": Бұйымдағы Video Wall күйін қосуға қолданылатын код

- Nak

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'A'	0x5C	"ERR"	

"ERR": Қандай қате пайда болғанын көрсететін код

Қауіпсіздік құлпы

- Функция **Safety Lock On** функциясын өнімде қосу не өшіру үшін компьютерді пайдалануға болады.
Бұл басқару қуаттың қосулы не өшірулі күйіне қарамастан қол жетімді болады.
- Қауіпсіздік құлпының күйін көрсету (Қауіпсіздік құлпының күйін алу)

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	0x5D		0	

- Қауіпсіздік құлпын қосу немесе ажырату (Қауіпсіздік құлпын қосу / ажырату күйін орнату)

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер	Қорытынды
0xAA	0x5D		1	"Safety Lock"	

"Safety Lock": Бұйымға қауіпсіз құлыптау коды қойылады

1: ҚОСУ

0: ӨШІРУ

- Ack

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'A'	0x5D	"Safety Lock"	

"Safety Lock": Бұйымға қауіпсіз құлыптау коды қойылады

- Nak

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'N'	0x5D	"ERR"	

"ERR": Қандай қате пайда болғанын көрсететін код

Бейне панелін қосу

- Функция
Жеке компьютер өнімнің Бейне панелінде ҚОСУ/ӨШІРУ амалдарын орындайды.
- Бейне панелінің ҚОСУ/ӨШІРУ күйіне қою

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	0x84		0	

- Бейне панелінің Қосу/Өшіру амалдарын орнату

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Деректер	Қорытынды
0xAA	0x84		1	V.Wall_On	

- V.Wall_On: Бейне панелінің кодын өнімге орнату

1: Бейне панелін ҚОСУ

0: Бейне панелін ӨШІРУ

- Ack

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'A'	0x84	V.Wall_On	

V.Wall_On : Жоғарыда айтылғандай

- Nak

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'N'	0x84	ERR	

"ERR": Қандай қате пайда болғанын көрсететін код

Бейне панелінің пайдаланушы режимі

- Функция
Жеке компьютер өнімнің Бейне панелі функциясында қосу/өшіру амалдарын орындайды.
- Бейне панелінің күйін қою

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Қорытынды
0xAA	0x89		0	

- Бейне панелін орнату

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Val1	Val2	Қорытынды
0xAA	0x89		2	Wall_Div	Wall_SNo	

Wall_SNo: Өнім нөмірінің коды өнімге орнатылды

10 × 10 Бейне панелінің үлгісі: (1 ~ 100)

Нөмірді орнату	Деректер
1	0x01
2	0x02
...	...
99	0x63
100	0x64

- Ack

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Val2	Қорытынды
0xAA	0xFF		4	'A'	0x89	Wall_Div	Wall_SNo	

- Nak

Тақырыбы	Пәрмен	Код	Деректер ұзындығы	Ack/Nak	r-CMD	Val1	Қорытынды
0xAA	0xFF		3	'N'	0x89	ERR	

"ERR": Қандай қате пайда болғанын көрсететін код


Wall_Div: Бейне панелінің бөлгіш коды өнімге орнатылды

10 × 10 Бейне панелінің үлгісі															
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Өшіру	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00	0x00
1	0x11	0x12	0x13	0x14	0x15	0x16	0x17	0x18	0x19	0x1A	0x1B	0x1C	0x1D	0x1E	0x1F
2	0x21	0x22	0x23	0x24	0x25	0x26	0x27	0x28	0x29	0x2A	0x2B	0x2C	0x2D	0x2E	0x2F
3	0x31	0x32	0x33	0x34	0x35	0x36	0x37	0x38	0x39	0x3A	0x3B	0x3C	0x3D	0x3E	0x3F
4	0x41	0x42	0x43	0x44	0x45	0x46	0x47	0x48	0x49	0x4A	0x4B	0x4C	0x4D	0x4E	0x4F
5	0x51	0x52	0x53	0x54	0x55	0x56	0x57	0x58	0x59	0x5A	0x5B	0x5C	0x5D	0x5E	0x5F
6	0x61	0x62	0x63	0x64	0x65	0x66	0x67	0x68	0x69	0x6A	0x6B	0x6C	0x6D	0x6E	0x6F
7	0x71	0x72	0x73	0x74	0x75	0x76	0x77	0x78	0x79	0x7A	0x7B	0x7C	0x7D	0x7E	N/A
8	0x81	0x82	0x83	0x84	0x85	0x86	0x87	0x88	0x89	0x8A	0x8B	0x8C	N/A	N/A	N/A
9	0x91	0x92	0x93	0x94	0x95	0x96	0x97	0x98	0x99	0x9A	0x9B	N/A	N/A	N/A	N/A
10	0xA1	0xA2	0xA3	0xA4	0xA5	0xA6	0xA7	0xA8	0xA9	0xAA	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A
11	0xB1	0xB2	0xB3	0xB4	0xB5	0xB6	0xB7	0xB8	0xB9	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A
12	0xC1	0xC2	0xC3	0xC4	0xC5	0xC6	0xC7	0xC8	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A
13	0xD1	0xD2	0xD3	0xD4	0xD5	0xD6	0xD7	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A
14	0xE1	0xE2	0xE3	0xE4	0xE5	0xE6	0xE7	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A
15	0xF1	0xF2	0xF3	0xF4	0xF5	0xF6	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A	N/A

MDC қолдану

Бірнеше дисплейді бақылау "MDC" - бұл компьютер арқылы бірнеше дисплей құрылғыларын бір уақытта оңай басқаруға мүмкіндік беретін бағдарлама.

MDC бағдарламасын пайдалану әдісі туралы мәліметтер алу үшін бағдарламаны орнатқаннан кейін, «Анықтама» бөлімін қараңыз. MDC бағдарламасы веб-сайтта қол жетімді. (<http://displaysolutions.samsung.com>)


 Экранның жоғарғы сол жағындағы **On** немесе **Off** түймесін бассаңыз, өнім оның күйін бір минут шамасында тексереді. Басқар пәрмендерді бір минут өткен соң орындаңыз.

 Бірнеше дисплейді басқару құрылғыларын жалғау жолын [29](#)-беттен қараңыз.


MDC бағдарламасын орнату/жою

 Орнату және жою қадамдары ОЖ-ге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Орнату

 MDC бағдарламасын орнатуға бейне карта, аналық тақта және желі шарттары әсер етуі мүмкін.

- 1 MDC Unified орнату бағдарламасын таңдаңыз.
- 2 "Next" түймесін басыңыз.
- 3 "Welcome to the InstallShield Wizard for MDC_Unified" экраны пайда болған кезде "Next" түймесін басыңыз.
- 4 Көрсетілген "License Agreement" терезесінде "I accept the terms in the license agreement" таңдап, "Next" басыңыз.
- 5 Көрсетілген "Customer Information" терезесінде барлық ақпарат өрістерін толтырып, "Next" түймесін басыңыз.
- 6 Көрсетілген "Destination Folder" терезесінде бағдарламаны орнатқыңыз келетін каталог жолын таңдап, "Next" түймесін басыңыз.

 Егер каталог жолы көрсетілмеген болса, бағдарлама әдепкі каталог жолына орнатылады.

7 Көрсетілген "Ready to Install the Program" терезесінде бағдарламаны орнату үшін каталог жолын тексеріп, "Install" түймесін басыңыз.

8 Орнатудың орындалу барысы көрсетіледі.

9 Көрсетілген "InstallShield Wizard Complete" терезесінде "Finish" түймесін басыңыз.

 MDC бағдарламасын дереу қосу үшін "Launch the program" таңдап, "Finish" түймесін басыңыз.

10 Орнатудан кейін жұмыс үстелінде MDC Unified бағдарламасының ен белгішесі пайда болады.

 MDC орындау белгішесі дербес компьютер жүйесіне немесе құрылғының техникалық сипаттарына байланысты көрсетілмеуі мүмкін.

 Егер орындау белгішесі көрсетілмесе, F5 пернесін басыңыз.

Жою

- 1 Бастау мәзірінде Параметрлер → Басқару тақтасы таңдап, Бағдарламаны қосу/ жою түймесін екі рет басыңыз.
- 2 Тізімнен MDC Unified бағдарламасын таңдап, одан кейін Өзгерту/жою пәрменін таңдаңыз.

05-тарау


Player мүмкіндігі

Қашықтан басқару құрылғысындағы HOME түймесін басу арқылы кіруге болады.



Player

HOME  → **Player** → ENTER 

Кестелері тағайындалған арналар, үлгілер немесе файлдар секілді алуан түрлі мазмұнды ойнатыңыз.



 Үлгі түріне қарай көрсетілген суреттер әр түрлі мүмкін.

 **Player** мүмкіндігін пайдалану үшін, **System** бөлімінде **Play via** параметрін **MagicInfo** опциясына орнатыңыз.
(MENU  → **System** → **Play via** → **MagicInfo**)

 Осы мүмкіндікті пайдаланудан бұрын **Clock Set** опциясын орнату керек.

Жоқ.	Сипаттамасы
1	Ішкі немесе сыртқы жад арасында таңдау.
2	Серверде конфигурацияланған мазмұнды, үлгілерді және кестелерді ойнатыңыз. <ul style="list-style-type: none">Player экранында сервердің қосылғандығын немесе қосылмағандығын (растау) көруге болады. Желілік арна іске қосылған кезде сервердің қосылғандығын немесе қосылмағандығын көру үшін қашықтан басқару пультіңдегі INFO түймесін басыңыз. 1 Player экранынан Network Channel мәзірін таңдаңыз. Егер Network Channel тізімінде тіркелген арна жоқ болса, No channels хабарламасы көрсетіледі. 2 Network Channel іске қосылады.
3	Серверде сақталған мазмұнды ойнату.
4	Ішкі жадта сақталған My Templates қалтасындағы үлгілерді ойнатыңыз.
5	Қажетті мазмұн тізімін іздеу шарты ретінде мазмұн түрін таңдаңыз.
6	Player үшін әртүрлі опцияларды орнату.

Мазмұнды көру

- 1 Ішкі немесе сыртқы жадты таңдаңыз. Таңдалған жадта сақталған файлдар пайда болады.
- 2 Қажетті файлды таңдаңыз. Экранда мазмұн пайда болады. (Үйлесімді файл пішімдері бойынша қосымша ақпаратты "Ойнатқышпен үйлесімді файл пішімдері" бөлімінен қараңыз.)

Мазмұн іске қосылған кезде

Қашықтан басқару пультіндегі басқару түймелері

Қашықтан басқару пультіндегі түймелерді басу арқылы ойнату тізіміндегі мазмұнды ойнатуға, кідіртуге немесе өткізіп жіберуге болады.

Түймесі	Функция
TOOLS	Мәзір жолағын шығарады.
INFO	Мазмұн туралы жалпы ақпаратты көрсетеді.
▶	Келесі файл не бетке өткізеді.
◀	Алдыңғы файл не бетке өткізеді.
◀ / ▶ /	Слайд көрсетілімін немесе бейне мазмұнын ойнатады не кідіртеді.
■	Мазмұн көрсетілімін тоқтатып, Player экранына өткізеді.
◀◀	Бейне мазмұнын артқа айналдырады.
▶▶	Бейне мазмұнын алға айналдырады.

- ✎ Егер ішкі жад немесе USB құрылғысында тек бір кескін файлы болса, слайд көрсетілімі ойнатылмайды.
- ✎ USB құрылғысындағы қалта атауы тым ұзын болса, қалтаны таңдау мүмкін болмайды.
- ✎ **Content Orientation** арналған **Portrait** опциясы 3840 x 2160 ажыратымдылығынан жоғары ажыратымдылықтағы мазмұндар үшін қолжетімді емес.
- ✎ 3840 x 2160 жоғары ажыратымдылыққа ие бейнелердің **Content Size** өлшемі тек **Full Screen** режиміне қолдау көрсетеді.

Қолжетімді мәзір

Параметрлерді конфигурациялау үшін мазмұнды ойнату кезінде қашықтан басқару құрылғысындағы **TOOLS** түймесін басыңыз.

Мәзірі	Сипаттамасы
Playlist	Ағымда ойнатылып жатқан мазмұн элементтерінің тізімін көріңіз.
Channel List	Network Channel / Internal Channel / USB
Sound Mode	Қазіргі уақытта ойнатылып жатқан мазмұн үшін аудио параметрлерін конфигурациялайды.
Repeat All / Repeat One	Қайталау режимін қойыңыз.
Background Music	Мазмұн ойнатылып тұрған кезде ойнатылатын фондық музыканы орнату.
Reset	Фондық музыканы қалпына келтіру.
Pause	Фондық музыканы кідірту.
Prev	Тізімдегі алдыңғы фондық музыканы ойнату.
Next	Тізімдегі келесі фондық музыканы ойнату.

- ✎ **Reset, Pause, Prev, Next** мүмкіндіктері тек фондық музыка орнатылғанда ғана пайда болады.

Player құралымен үйлесімді файл пішімдері

- Қолдау көрсетілген файл жүйелері FAT32 және NTFS қамтиды.
- Ең көп ажыратымдылықтан артық тік және көлденең ажыратымдылықтағы файл ойнатылмайды. Файлдың тік және көлденең ажыратымдылығын тексеріңіз.
- Қолдау көрсетілетін бейнені және аудио кодектің түрлері мен нұсқаларын тексеріңіз.
- Қолдау көрсетілетін файлдың нұсқаларын тексеріңіз.
 - ✎ PowerPoint бағдарламасының 97 – 2013 нұсқаларына дейін қолдау көрсетіледі
 - ✎ USB-**Internal Memory** арқылы файлды тасымалдау қажет болса, **Options** → **Send** тармағын басыңыз.
 - Үлгілік файлдар орны
 - **Internal Memory** → USB арқылы тасымалдау: USB → MagicinfoSlide қалтасының төменгі жағында
 - USB → **Internal Memory** арқылы тасымалдау: **Internal Memory** → My Templates қалтасының төменгі жағында
 - Басқа файлдардың (үлгілік емес) орны
 - **Internal Memory** → USB арқылы тасымалдау: USB → MagicinfoSlide қалтасының төменгі жағында
 - USB → **Internal Memory** арқылы тасымалдау: Негізгі қалтаның төменгі жағында

Желілік кесте мультикадры

Ойнату шектеулері




- Бір мезгілде 1-3 FHD бейне файлын немесе тек бір UHD және FHD бейне файлын ойнатуға болады. Портреттік ойнату режимінде бір мезгілде 3 FHD бейне файлын немесе тек бір UHD бейне файлын ойнатуға болады.
